

Бородулиха аудандық мәслихатының шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 21-7-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 қыркүйекте № 29746 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 16-3-VI " Сот шешімімен Бородулиха ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5346 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

У. Майжанов